

Педагогикалық ғылымдар



Педагогические науки



Pedagogical sciences

FTAMP 15.31.31

Б.У.Есентаева¹ ([orcid - 0000-0001-5095-8223](https://orcid.org/0000-0001-5095-8223)) – негізгі автор
А.Қ.Үсен² ([orcid- 0000-0003-0439-3852](https://orcid.org/0000-0003-0439-3852))

¹Педагогика ғылымдарының магистрі, ²2 курс студенті
^{1,2}М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
e-mail: ¹baxonva91@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/ABQG9200>

ДАМУЫНДА БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада «Дамуында бұзылысы бар балалардың сөйлеу қабілеті» туралы баяндалған. Психикасында ауытқуы бар балалар және олардың физиологиялық және психологиялық жағынан дамуы ерекше рөл атқарады. Осыған орай дамуында ауытқуы бар балалар ерекшелігі жіктелген. Олардың танымдық процестерінің дамуы оның ішінде сөйлеу туралы және сөйлеудің аутизммен, сал аурумен, көру және есту қабілеті бұзылған балалардың дамуы қарастырылған. Дамуында бұзылысы бар балаларды бақылау, тест, әңгіме әдістері арқылы анықтау жолдары қарастырылған. Мақалада психологиялық процестерді анықтау, коррекциялау және профилактикалық жұмыстарының нәтижелері көрсетілген. Зерттеу нәтижесіне байланысты олармен жұмыс жасау ерекшеліктері ұсынылды. Бұл мақала психология және педагогика саласында білім алып жүрген немесе арнайы психология саласын меңгеріп жүрген студенттерге арналған.

Тірек сөздер: олигофрен, коррекция, феномалық қабылдау, анализатор, моторлық импульс, аутизм.

Кіріспе. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы 22 қараша «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында сал ауруымен ауыратын бүлдіршіндерге медициналық және әлеуметтік қолдау жасау сапасын жақсарту міндетін қойды [1]. Жолдауда айтылған мәселелерді жүзеге аксыру мақсатында ҚР Үкіметі осы бағыт бойынша шаралар және жұмыстар жүргізуде. Ол жерде балаларға арналған шағын және орташа оңалту орталықтар желісін арттыру шаралары қолға алынды.

Дамуында бұзылысы бар балалар - бұл ерекше топтағы балалар. Олар өмірге белгілі бір ауытқулармен дүниеге келген. Яғни біз ол топқа сезім мүшелерінің дамуында, қимыл-қозғалысында ауытқуы бар балаларды жатқызамыз. Бұл топтағы балалардың қоғамда және отбасында орны ерекше. Қазіргі таңда осындай ауытқуы бар балаларға мемлекет тарапынан да ерекше қолдаулар жасалуда. Тек қана мемлекет тарапынан ғана емес педагог-психологтар тарапынан да ерекше қолдаулар қажет етеді. Педагог-психологтардың міндеттерінің өзара тікелей байланысына нақты мысал – психикалық жағынан дамуы тежелген балаларды түзете және дамыта оқытудың жоспарын құру болып табылады. Дамуында бұзылуы бар баланы тексеру немесе зерттеу және бақылау, сол баланың отбасындағы, мектептегі қарым-қатынасындағы пайда болған қиындықтарды анықтау мақсатында, алдын-ала жақсы ойластырылған стратегиялық ойлар, дұрыс қабылданған шешімдер негізінде жүзеге асады [2].

Дамуында бұзылысы бар балалардың сөйлеу қабілетінің дамуы өте ерекше процес. Сөйлеу бұл сезім мүшелерінің қасиеттерінің ең бір қажетті және ерекше түрі. Тілдесу деген бұл іс-әрекет қажеттілігінен туындаған адамдар арасындағы байланыстардың даму негізі. Сөйлеу қабілетінің даму барысында бұл балалардың сөздік қоры жеткілікті бола бермейді. Сөйлеу мүшелерінің жетілмеуі ол баланың ойлау қабілетінің қазіргі жағдайына тұтастай бағынышты. Сөйлеу мүшесінің дамымауы, баланың ой-өрісіндегі қарқынды дамуын шектейді, ал талдау және одан бөлек топтай алу қабілеті мағынасы қиын келген сөздердің мағынасын дұрыс ұғынуға, сөйлеу кезіндегі толық қабылдауға қарсылық жасайды. Кейбір жағдайда балалардың сөйлеуі көз бояу шылық ретінде көрінеді, ал сырттай қарағанда, ол өте жақсы жетілген сияқты болып көрінеді. Ерекше жағдайларда баланың сөйлеу өрісі өз жасынан ірлгері жетілген тәрізді, сөздік қорының үлкенлігі және молдығы таңқалдырады [2]. Бірақ бұл балалардың сөйлеуі «бос сөз», олар өзі түйсінген сөздерінің мағыналарына терең үңілмейді, естіген немесе оқылған сөздерін орынды және орынсыз, қажетті немесе қажетсіз жиі қолдана береді. Дәл осындай сөйлеу ерекшелігінің дамуы, ойды жеткізудің тікелей қарым-қатынас құралына айнала алмайды [2].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Сөйлеудің ақылы кем балаларда кездесетін кемшіліктерінің барлығын арнайы мектептердегі әдістемелік көмекпен жетілдіруге болады.

Сөйлеу ұғымының адам баласының сана-сезімінің дамуында маңызы зор. Сөйлеудің пайда болуы нәтижесінде адам организмі анатомиялық белгілі өзгерістерге түсіп, дыбыс артикуляциясына өзіндік қабілеті бар сөйлеу аппараты пайда болды. Жаңа туған балада дыбысқа ұқсас реакциялық тітіркендіргіштер байқалғанымен, бұларда дыбыстық сипат болмайды. Жеке дыбыстардың пайда болуы үш айдан былай қарай байқалады. Баланың алғашқы сөздік қорында зат есімдік сөздер көп болады. Бұл сөздер айналасындағы заттармен, адамдармен қатынасында елеулі рөл атқарады. Ескеретін нәрсе балалардың сөйлеу кезінде, олардың анық, дәл сөйлеуін қадағалау керек. Сөйлеу қабілеті дамуында бұзылысы бар балаларда өте ерекше дамыған.

Ақыл ойы кем балалардың сөйлеуіндегі ерекшеліктер.

3-4 жастағы балада көп сөздік қор жинақталады, белсенді сөйлеу, дұрыс грамматикалық сөз формасына енгізілген фонетикалық кемшіліктер болады. Бұл кезде олигофрен баланың тілі енді шыға бастайды, бөлек сөздерді 2-3 жаста ғана пайда болады. Есту қабілеті арқылы ажырата білу, дыбыстау кеш қалыптасады. Бұл кезде оның сөйлеуі әлі анық болмайды және сөздік қоры анағұрлым аз болады. Сөйлеудің бұл күйінің себептері ол тұрақсыз саралаушы және де баяу қалыптастырушы шартты байланыстар. Осы нәрсенің салдарынан, бала ұзақ мерзімде айналасындағы адамдардың сөйлеудегі дыбыстарына анализ жасай алмайды, көп уақытқа дейін жаңа сөздерді тіркестермен байланыстыра алмайды. Бала сыбдыр дыбыстарды естісе де, өз миында байланыстыра алмайды [3;15 б]. Бұл құбылыс ересек адамдардың шет тілді түсінбеуі сияқты, ол дауыссыз дыбыстарды жиі шатастыратын болады. Ата аналар балалардың мектепке дейінгі аралықта олардың сөздерді қайталау кезінде жіберетін қателіктеріне назар аудармайды. Ал мектеп жасы кезінде, яғни жазу мен оқуды үйрету үдерісінде, осы қателіктер есту анализаторымен тікелей байланысты. Мысалы: бала диктант жазған кезде феномаларды айыра алмайды, ол «сабын – шыбын, ескі – ешкі» деп атайды. Феномалық қабылдау қабілетінің дұрыс дамымауы, кейбір

дыбыстарды алмастырып айтуға тырысады, әр сөзге дыбыстық талдаулар жасау балаға қиындық туғызады. Фонеммалық есту процесінің кемістігі, оқыту барысында жетіледі және сөйлеу қабілетінің бұлайша баяу меңгерілуі жалпы психикалық дамуға кері әсерін тигізеді.

Қандай да бір дыбысты анығырақ айту үшін, моторлық импульс анық және нақты болуы шарт. Моторлық импульстердің нақтылығы коррекциямен қамтамасыз етілуі керек. Олар: есту көмегімен және бұлшық ет сезімімен коррекциялау. Олигофрен балада осы екі түрлі коррекция жетілмеген. Мектеп жасындағы ақыл ойы кем балалардың сөйлеу түрі балабақшадағы баланың сөйлеу түрімен бірдей болып қалады. Ақыл ойы кем балаларды оқытатын көмекші мектептерде педогог-психологтарға бұл жұмыс қиын болып келеді. Ал оптикалық жағынан ұқсас жазуда үнемі шатастырады немесе айнадан көрінген кескіні тәріздес жазады. Бұл оқуға, жазуға, санауға үйретеді. Осы жағдайда мұғалім оқушымен жеке түзету жұмыстарын жүргізуге міндетті [3].

Психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеуіндегі ерекшеліктері.

ПДТ – психикалық дамуы тежелген балалар. Бұл тежелу жалпы дамудағы тежелуге байланысты. Сөйлеудің импрессивтік білігі, дыбыстарды және сөйлеудегі әр-түрлі реңкерді қабылдаудың дұрыс сараланбауымен сипатталады. Ал экспрессивтік жағынан сөздік қордың аздығы, дыбыстаудағы бұзылыстар, сөйлеудің лексикалық, граммтикалық жағынан дұрыс қалыптаспауы, аграмматизмдер, артикуляциялық аппараттың ақаулары тән. ПДТ балалардың сөйлеу ерекшелігі жасқа сай сөзжасам үдерісінің тежелуінен көрінеді. Бұл үдеріс ұзақ уақытқа жалғасады. Балалар сөздік нормаларды сезінбейді, аграмматикалық формаларды қолданады, тілдік сөйлеуде неологизмдер көп кездеседі. ПДТ балаларда ызың және үнді дыбыстарды айтудағы қателіктер жиі кездеседі, ал мектеп жаста үнді дыбыстарды айту қиындығы болады. Сөйлеудің лексикалық жағы, баланың жалпы танымдық дамуымен тығыз байланысты, бұл аралықта да сөз қорының жеткіліксіздігі байқалады. Сөйлеудің бұзылу дәрежесі кемістікке байланысты. Кейде балалар антонимдер мен синонимдер жасау әдісін дұрыс қолдана алмайды. ПДТ балалардың мектепте оқу кезінде көп қиындықтары болады. Кейінірек олар дисграфия мен дислексияға ұласады. Бұл нәрсеге себеп, сөйлеудің жүйелік түрде бұзылуы мен оның тілдік жүйеге әсері. Осы жағынан еңбектенген ғалымдар: Р.Е.Левина, В.А.Ковшиков, Ю.Г.Демьянов, Е.В.Мальцева және тағы басқа Отандық ғалымдар жазудағы қателердің себебін, көру қабілетінің бұзылуларымен байланысты деп қарастырды [3].

Есту қабілеті зақымданған балалардың сөйлеуіндегі ерекшеліктері.

Есту қабілеті бұзылған балалар, сөйлеуді тек арнайы оқытудың көмегімен аңғарады. Сөздік қимыл-қозғалыстар түсініктермен толықтырылып, көру арқылы қабылдау қабілетіне сүйенеді. Олардың сөйлеуде екпінді, әуелсіздікті қабылдау мүмкіндіктері шектеулі. Ж.И.Шиф саңылау балалардың сөйлеуінің қалыптасуын жазған. Оның 4 түрлі психологиялық шарттын ажыратып көрсетеді [4].

Бірінші шарт – саңырау балаларда алғашқы бейнелердің сенсорлық қалыптасуы негіздерін көрсетеді. Еститін балаларда сөз бейнесі есту арқылы қабылданады, ал саңырау балаларда көру арқылы қатар қабылданады. Саңылау балалар үшін, сөзді көру арқылы қабылдау, тілмен танысудың алғашқы кезеңі.

Екінші шарты – басқа еститін балаларға қарағанда, саңырау балаладың тілдік материалды өзгеше қабылдауы. Саңырау балаладың, сөздер ағынынан жеке бір сөзді, дыбысты ажыратып алу мүмкіндігінің, сөйлеу дағдысынан анағұрлым кейін пайда болады.

Үшінші шарт – еститін балалармен салыстырғанда, грамматикалық өзгешеліктердің болуы. Себебі, сөйлеуді басқа сенсорлық жолмен меңгеруде болып табылады.

Төртінші шарты – сөйлеуге қатысатын қимыл қозғалыстардың басқа жағдайда қалыптасуы. Бұл өз кезегінде, есту кемістігін түзетуге кедергі жасайды. Екінші кемістік бірінші кемістікке жақын болған сайын, соншалықты оны коррекциялау қиынға соғады. Сөйлеу кезінде белгімен ымдау тілі, яғни саңылауларда қарым-қатынас қажеттілігінен туындайтын тіл өрісі қалыптаса бастайды.

Тағы бір түрі ол «дактиль тілі». Бұл саусақ қимылы арқылы, алфавит әріптерін білдіру. Дактиль тілі көмегімен сөйлесуде, жазба тілдегі ережелер сақталады.

Көру қабілеті зақымданған балалардың сөйлеуіндегі ерекшеліктері.

Тумысынан соқыр балаларда тіл кемістігі кездеседі. Тілдік бұзылу жазба тілінде өзгеше көрініс табады. Бұл кемістіктер балалардың тұйық болуына аутизмнің, негативизмнің пайда болуына әкеп соғады. Оқу мен жазу жылдамдығы тікелей көру деңгейіне байланысты болады. Жалпы көретін балалар мен көрмейтін балаларда, бұл процесс бірдей жүзеге асады. Көрудің тауыр бұзылуы, анализатордың өзара әрекетін өзгертеді, байланыстар қайта құрылады. Көру қабілеті бұзылған балалардың сөйлеуінің дамуы туралы Л.С.Волкованың жасаған логопедиялық талдауынан көруге болады. Бұл балаларда кездесетін жүйелі тілдің дамымауы типтік тілге кіреді [4]. Бұл ауытқуға дегеніміз сөздердің мағынасын түсінбеу, заттың бейнесімен үйлеспейтін сөздер, вербальды жолмен меңгерілген сөздер, эхололиялар, өз ойын ашып жеткізе алмау кіреді. Көруі бұзылған баланың сөйлеуі, қоршаған ортаны білу жүйесіне ене отырып, компенсаторлық міндетті атқарады. Көру кемістігін толтыруда, сөйлеудің орны ерекше. Себебі, сөз барлығын нақтылайды, айқындайды, анық қабылдауға мүмкіндік береді. Соқыр немесе нашар көретін балаларда ауызша сөйлеу, оқу, жазу үдерісін сөздік нұсқамен жұмыс істей білу қабілеттерін қалыптастыру қажет [1].

Аутизмі бар балалардың сөйлеуіндегі ерекшеліктері.

Аутизмі бар балалардың сөйлеуінде бірқатар ерекшеліктер бар, сөйлеудің экспрессивтік жағы басқаша дамиды. Ол сөйлеп тұрған адамға ешқандай реакция білдірмейді, ал жәймен, сыбырлап сөйлесе бірден түсінеді. Әдетте балалардың алғашқы сөздері ерте пайда болады. Мысалы: апа, ана, әке, бұл сөздер ересек адамдарға ешбір қатыссыз қолданылады. Балалардың басым көпшілігінде, екі жастан бастап, таза дыбысталған фразалық сөйлеу дамиды. Бірақ, балалар оны ортамен қарым-қатынаста қолданбайды. Бір қызығы, балалар өз бетімен ойнағанда, баяу сөйлеп, әлдеқайда бір әңгімелерді айтады, өлеңдер оқиды. Кейбір кезде жақсы сөйлегенмен, біреулер сұрақ қойса, жауап қатпай, бөгде нәрселерді айтады. К.С.Лебединская мен О.С.Никольскаяның айтуы бойынша бірінші санатқа жататын кейбір балалар сөйлеуді мүлдем меңгере алмауы да мүмкін дейді. Олар сөзді ешқандай эмоциясыз қолданады. Қарым-қатынас жасаудан қашу, сөйлеуден қашу сияқты іс-әрекеттер, бұл категориядағы балалардың сөйлеуінің дамуына кедергі жасайды [5].

Зерттеу нәтижелері. Соның ішінде зерттеу психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеуіндегі ерекшеліктерімен жүргізілді. Зерттеу базасы Тараз қаласы №46 орта мектебінің бастауыш сынып оқушылары алынды.

Сөйлеу бұзылысы бар балаларға реабилитациялық жұмыстар жасалуы керектігі ескерілді. Осыған орай жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыс зерттеу барысында диагностика бойынша бақылау, әңгіме әдістері алынды. Диагностиканың негізгі мақсаты – сөйлеу бұзылысының шығу себебін анықтау болды.

Диагностика нәтижесінде сөйлеу бұзылысы байқалған балалармен даму ерекшеліктеріне орай коррекциялық жұмыстар өткізілді. Атап айтатын болсақ, «Жаңылтпашты қайтала», «Ең сүйікті өлеңім» ойындары мен психологиялық тренинг және дыбысты дұрыс шығаруға көмек беретін жаттығулар жүргізілді.

Коррекциялық жұмыс нәтижесінде ата-аналарымен психологиялық ағарту жүргізіліп, логопедтермен жұмыс жасау қажеттілігі бар екендігі ұсынылды.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінің тиімділігі - балалардың сөйлеу бұзылысының шығу себептерін анықтап, олармен жұмыс ерекшеліктерінің нақтыланғандығы.

Сөйлеу қабілетінің аутизммен, көру қабілеті мен есту қабілеті зақымданған балаларда дамуы әр түрлі кезеңдерден тұрады. Ол тек қана сөйлеуге емес, түгел оның сезім мүшелерімен және басқа да таным процестерімен тікелей байланысты. Сырттай бұл құбылыс басқаша көрінеді. Балалармен арнайы жұмыс жасайтын педогог-психологтардың атқарар қызметі зор. Ол кісілер шыдамдылық танытып, олардың барша өмірге де деген құлшынысын арттыру керек, және оның жоқ болып кетуіне жол бермеу керек. Осы кезде сал балалар ішінде кейбір балаларда суи цидке бару іс-әрекеттері болып жатады. Міне, осы кезде арнайы мамандарды көмегі зор. Сол үшін мемлекет осы салалар бойынша жастарға дұрыс, тәжірибелік білім бере алуы керек. Бірақта біз оларға моралдық жағынан көмектесіп, ол балаларға жаңа ортаны жаңадан тануға және де оның қауіпсіз екеніне, олардың жаңа дос, таныстық таба алатынына сендіруіміз керек. Тек қана оларға ғана емес, ол балалардың ата-аналарына да үлкен міндет артылады. Балалардың күтімі, оладың тамағы бәрі білінбейтін нәрсе болса да, олардың аналары үшін бұл үлкен арқалайтын міндет. Сол үшін қандай жағдай болмасын олардың осы қоғамға деген қатынасын мойындай білу қажет.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Қазақстан мемлекеті қазіргі таңда білім жағынан да, денсаулық жағынан да қарқынды дамып келе жатыр. Мемлекет осы жағдай бойынша тек қана сау балаларға ғана емес, сонымен қатар сал ауруына шалдыққан балаларға үлкен көмек көрсетуде. Оларға қазіргі кезде жеке әр сал ауруына шалдыққан балаларға жәрдемақы беруде. Тек мемлекет қана емес, біз де, яғни қоғам да қол ұшын созу керек. Біз сол ерекше балалардың қоғамға сіңісіп кетуіне және де қоғамда белгілі бір өз орнын табуына көмектесуіміз керек. Олар әр түрлі аурудың түрімен ауырады, солардың бірі - жоарыда қамтып өткен сөйлеу қабілетінің дамуы. Сөйлеу қабілетінің біз үшін, олар үшін маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Кодексі. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі» [Мәтін]. – Астана, 2020. – 17 б.
2. Тебенова, Қ.С. Арнайы психология [Мәтін]: оқулық / Қ.С.Тебенова, А.Р.Рымханова. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. -243б.
3. Бапаева, М.Қ. Даму психологиясы [Мәтін]: оқулық / М.Қ.Бапаева. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2014. -319б.
4. Ауталипова, Ұ.И. Балалар психологиясы. Туылғаннан мектепке дейінгі кезең [Мәтін]: оқу құралы / Ұ.И.Ауталипова, Х.Т.Шерьязданова, Д.Е.Абдраманова, А.К.Құлымбаева. -Алматы: Отан, 2016. -215б.
5. Көбекова, Ж.С. Психология негіздері [Мәтін]: оқу құралы (2-ші басылым) / Ж.С. Көбекова.- Қарағанды: «АҚНҰР» баспасы, 2019. -315б.

Мақала редакцияға 19.12.22 түсті.

Б.У.Есентаева¹, А.Қ.Үсен²

^{1,2}Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ РЕЧИ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ РАЗВИТИЯ

Аннотация. В этой статье рассказывается о «речевых способностях детей с нарушениями развития». Особую роль играют дети с отклонениями в психике и их физиологическое и психологическое развитие. В связи с этим классифицирована специфика детей с отклонениями в развитии. Развитие их познавательных процессов в том числе речь и развитие речи у детей с аутизмом, параличом, нарушениями зрения и слуха. Рассмотрены пути выявления детей с нарушениями развития с помощью методов наблюдения, тестирования, беседы. В статье отражены результаты выявления, коррекции и профилактической работы психологических процессов. В зависимости от результатов исследования были предложены особенности работы с ними. Данная статья предназначена для студентов, обучающихся в области психологии и педагогики или изучающих специальную область психологии.

Ключевые слова: олигофрен, коррекция, феноменальное восприятие, анализатор, двигательная импульсия, аутизм.

B.U.Esentaeva¹, A.K.Usen²

^{1,2}M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Kazakhstan

FEATURES OF SPEECH OF CHILDREN WITH DEVELOPMENTAL DISORDERS

Abstract. This article describes "the ability of children with developmental disorders to speak". Children with mental disorders and their physical and psychological development play a special role. In this regard, the specifics of children with developmental disabilities are classified. The development of their cognitive processes is considered in it on speech and the development of speech in children with autism, paralysis, visual and hearing disorders. Ways to identify children with developmental disorders through observation, testing, and conversation methods are considered. The article presents the results of the identification, correction and preventive work of psychological processes. Depending on the result of the study, the features of working

with them were proposed. This article is intended for students studying in the field of psychology and pedagogy or mastering the field of special psychology.

Keywords: oligophrenic, correction, phenomenal perception, analyzer, motor impulsivity, autism

References

1. Qazaqstan Respwblıkasınıñ Kodeksi [Code of the Republic of Kazakhstan. "Public health and health care system" of July 7, 2020]. - Astana, 2020. - 17 p.
2. Tebenova, K.S. Arnayı psixologiya [Special psychology]: textbook / K.S.Tebenova, A.R.Rymkhanova. - Almaty: LLP RPBK "Davir", 2011. -243p.
3. Bapaeva, M.K. Damw psixologiyası [Developmental psychology]: textbook / M.K.Bapaeva. -Almaty: LLP RPBK "Davir", 2014. -319p.
4. Autilipova, N.I. Balalar psixologiyası. Twılğannan mektepke deyingi kezeñ [Child psychology. Period from birth to school]: textbook / N. I. Autilipova, H. T. Sheryazdanova, D. E. Abdramanova, A. K. Kulimbaeva. -Almaty: Otan, 2016. -215p.
5. Kobekova, J.S. Psixologiya negizderi [Basics of psychology]: textbook (2nd edition) / J.S. Kobekova. - Karaganda: "AKNUR" publishing house, 2019. -315 p.